

Сот әкімшілігінің жаңа жүйесінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 2000 жылғы 12 қазан N 471. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 22 қыркүйектегі № 1066 Жарлығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2010.09.22 № 1066 Жарлығымен.

Сот әкімшілігінің жаңа жүйесінің қызметін қамтамасыз ету және "Қазақстан Республикасының сот жүйесінің тәуелсіздігін күшейту жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 1 қыркүйектегі N 440 Жарлығын іске асыру мақсатында қаулы етемін:

1. Қоса беріліп отырған:

1) Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты жанындағы Сот әкімшілігі жөніндегі комитет туралы ереже;

2) Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты жанындағы Сот әкімшілігі жөніндегі комитеттің құрылымы бекітілсін.

2. Жоғарғы Сот жанындағы Сот әкімшілігі жөніндегі комитеттің штат саны лимиті Әділет министрлігінің орталық аппаратынан - 29 бірлікті, Жоғарғы Сот аппаратынан - 5 бірлікті, облыстық соттардан - 48 бірлікті, сондай-ақ облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әділет басқармаларынан 145 бірлікті беру жолымен түзіледі деп белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің штат саны лимиті Әділет министрлігінің орталық аппаратынан аталған лимиттерді беру жолымен 8 бірлікке көбейтілсін.

4. Қазақстан Республикасы Президентінің келесі Жарлықтарына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) "Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары жүйесін одан әрі оңтайландыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 22 қаңтардағы N 29 Жарлығына:

1 - қосымша да :

"Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі" бағанында "317" саны "325" санымен алмастырылсын;

"Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының аппараты" бағанындағы "136" саны "131" санымен алмастырылсын.

3-қосымша мынадай редакцияда жазылсын:

Қазақстан Республикасы
Президентінің
1999 жылғы 22 қаңтардағы
N 29 Жарлығына
3-Қосымша

**Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты жанындағы
Сот әкімшілігі жөніндегі комитеттің штат саны лимиті**

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты жанындағы Сот әкімшілігі жөніндегі комитет	34
Облыстардағы, Астана, Алматы қалаларындағы әкімшілер	193

Қазақстан Республикасының соттарының штат саны лимиті	

Облыстық соттар	1443
Аудандық соттар	5339
Әскери соттар	185

2) < * >

Ескерту. 4-тармақтың 2) тармақшасының күші жойылды - ҚР Президентінің
2002.02.11. N 806 жарлығымен.

5. Қазақстан Республикасының Үкіметі бір ай мерзімде өз шешімдерін осы
Жарлыққа сәйкес келтірілсін, осы Жарлықтан туындайтын өзге де шаралар
қолданылатын болсын.

6. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы
Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

7. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2000 жылғы 12 қазандағы
N 471 Жарлығымен
бекітілген

Ескерту. Мәтінде "әкімшілері", "әкімшілерінен", "әкімшілерінің" деген сөздердің алдынан "соттар" деген сөзбен толықтырылып, "әкімшілер", "әкімшілерді", "әкімшілердің", "Әкімші" деген сөздер тиісінше "соттар әкімшілері", "соттар әкімшілерін", "соттар әкімшілерінің", "Соттар әкімшісі" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Президентінің 2007.08.23. N 387 Жарлығымен.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты жанындағы Сот әкімшілігі жөніндегі комитет туралы ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты жанындағы Сот әкімшілігі жөніндегі комитет (бұдан әрі - Комитет) облыстық, аудандық және оларға теңестірілген соттардың (бұдан әрі - жергілікті соттар) қызметін ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық және өзгедей қамтамасыз етуді жүзеге асыратын, сондай-ақ атқарушы құжаттарды уақтылы атқаруды, сот приставтарының қызметіне ұйымдастырушылық және әдістемелік басшылық жасауды, жергілікті соттардағы сот статистикасын жүргізуді және жекелеген негіздемелер бойынша республикалық меншікке айналдырылған (түскен) мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және одан әрі пайдалану жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруды қамтамасыз ететін уәкілетті мемлекеттік орган болып табылады.

ЕСКЕРТУ. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 2001.01.22. N 536, 2005.01.25. N 1514, 2007.08.23. N 387 Жарлықтарымен.

2. Комитет өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, осы Ережеге, сондай-ақ өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырады.

3. Комитет пен облыстардағы, Астана мен Алматы қалаларындағы соттар әкімшілері (бұдан әрі - соттар әкімшілері) жергілікті соттардың қызметін қамтамасыз ету жөніндегі органдардың бірыңғай жүйесін құрайды.

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2007.08.23. N 387 Жарлығымен.

4. Комитет пен соттар әкімшілері мемлекеттік мекемелердің ұйымдық-құқықтық нысандағы заңды тұлғалары болып табылады, өзінің атауы жазылған мөрлері мен мөртабандары, сондай-ақ заңнамаға сәйкес банктерде шоттары болады.

Комитет пен соттар әкімшілері азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан

т ү с е д і .

Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2007.08.23. N 387 Ж а р л ы ғ ы м е н .

5. Комитет пен соттар әкімшілері жергілікті соттардың дербестігін, судьялардың сот төрелігін жүзеге асыру кезіндегі тәуелсіздігін нығайтуға жәрдемдесуге мүдделі және олардың сот ісін жүргізу қызметіне араласуға х а қ ы с ы з .

Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2007.08.23. N 387 Ж а р л ы ғ ы м е н .

6. Комитеттің құрылымын және штат санының лимитін Комитет Төрағасының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді .

7. Осы Ереже Комитеттің құрылтай құжаты болып табылады.

8. Комитеттің заңды мекен-жайы: 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Д. Қ о н а е в к ө ш е с і , 3 9 - ү й .

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 2007.08.23 N 387 Жарлығымен, өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2010.04.09 N 970 Ж а р л ы ғ ы м е н .

9. Комитеттің толық атауы: "Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты жанындағы Сот әкімшілігі жөніндегі комитет".

10. Комитетті қаржыландыру республикалық бюджет қаражатының есебінен жүзеге асырылады.

2. Комитеттің өкілеттіктері, құрылымы және қызметін ұйымдастыру

1 1 . К о м и т е т :

1) Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Төрағасымен келісе отырып:
- жергілікті соттарды құру, қайта ұйымдастыру не тарату, судьялардың жалпы штат саны бойынша ұсыныстарды тұжырымдап, оларды Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізеді;

- жергілікті соттарды, Комитетті және соттар әкімшілерін қаржыландыру туралы ұсыныстар әзірлеп, Үкіметке табыс етеді;

1-1) өз құзыреті шегінде нормативтік құқықтық актілер қабылдайды;

2) сот төрағаларының ұсынуы бойынша жергілікті соттар судьяларының штат с а н ы н б е л г і л е й д і ;

3) судьялардың, Комитет, жергілікті соттар кеңселері және соттар әкімшілері қызметкерлерінің біліктілігін арттыру жөнінде шаралар қолданады, сот қызметі саласындағы ғылыми зерттеулерді ұйымдастырады және қаржыландырады, жергілікті соттардың кадрларға мұқтажын айқындайды, оларға тағылымдама

ұйымдастырады ;

4) азаматтар мен ұйымдардың жергілікті соттар судьяларының іс-әрекетіне арыздарын қарауда сот төрағаларына жәрдемдеседі;

5) судьялар мен атқарушылық өндіріс органдары қызметкерлері жүктемелерінің нормативтерін әзірлейді;

6) заңнаманы жүйелеу жөніндегі жұмысты жүзеге асырады және соттарды нормативтік құқықтық актілермен қамтамасыз етеді;

7) соттар әкімшілерінің ұсынуы бойынша жергілікті соттар кеңселерін құру жөніндегі жұмысты жүзеге асырады;

8) судьялар мен жергілікті соттар қызметкерлерінің, сондай-ақ Комитет қызметкерлерінің дербес есебін жүргізеді;

9) жергілікті соттардың сот статистикасын жүргізуді, іс жүргізуді және мұрағаттардың жұмысын ұйымдастырады;

10) азаматтар мен ұйымдардың өтініштерін қарайды;

11) соттар әкімшілерінің қызметін материалдық-техникалық және өзгедей қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

12) жергілікті соттардың ғимараттары мен үй-жайларын және соттар мен Комитетке ведомстволық қарасты басқа да объектілердің құрылысын, жөндеуін және техникалық жарақтануын ұйымдастырады;

13) жергілікті соттар мен соттар әкімшілерінің бюджет қаражатын жұмсауын бақылайды, олардың қаржы-шаруашылық қызметіне тексеру жүргізеді;

14) заңнамаға сәйкес соттардың, соттар әкімшілерінің және Әділет біліктілік алқасының қызметін қаржылық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі өзге де шараларды жүзеге асырады;

15) заңнамаға сәйкес атқарушылық құжаттардың уақтылы орындалуын қамтамасыз етеді ;

16) жекелеген негіздемелер бойынша республикалық меншікке айналдырылған (түскен) мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және одан әрі пайдалану жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады;

17) сот орындаушыларының қызметіне ұйымдастырушылық және әдістемелік басшылық жасауды жүзеге асырады;

18) Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық-құқықтық актілердің шеңберінде құқықтық көмек көрсету барысында сот актілерінің уақытылы орындалуын қамтамасыз етуді ұйымдастырады;

19) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот органдарынан және атқарушылық өндірісі органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қоюды жүзеге асырады .

ЕСКЕРТУ. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 2001.01.22. N 536 , 2005.01.25. N 1514, 2007.08.23. N 387 Жарлықтарымен.

12. Комитет өз құзыреті шегінде:

- 1) белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардан, ұйымдар мен лауазымды тұлғалардан қажетті құжаттар мен материалдарды сұратуға;
- 2) жергілікті соттар судьяларының, Комитет, жергілікті соттар кеңселері және соттар әкімшілері қызметкерлерінің еңбегін қорғау, материалдық және әлеуметтік қамтамасыз ету мәселелері бойынша Үкіметке ұсыныстар енгізуге;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес баспа басылымдарын шығаруға х а қ ы л ы .

ЕСКЕРТУ. 12-тармақ өзгерді - ҚР Президентінің 2001.01.22. N 536 , 2007.08.23. N 387 Жарлықтарымен.

13. Заңнамаға сәйкес жергілікті соттардың сот приставтарының жұмысын ұйымдастырады .

14. Комитет орталық аппараттан және соттар әкімшілерінен тұрады.

Ескерту. 14-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2007.08.23. N 387 Ж а р л ы ғ ы м е н .

15. Комитетті төраға басқарады, оны Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Төрағасының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады.

Комитет төрағасының мәртебесі Үкімет құрамына кірмейтін орталық атқарушы органның басшысы мәртебесіне теңестіріледі.

16. Комитет төрағасының орынбасарлары болады, оларды Комитет төрағасы Жоғарғы Сот Төрағасының келісімімен тағайындайды және босатады.

Комитет төрағасы орынбасарларының мәртебесі Үкімет құрамына кірмейтін орталық атқарушы органдар басшыларының орынбасарлары мәртебесіне теңестіріледі .

17. Комитет төрағасы Комитет пен соттар әкімшілерінің қызметін ұйымдастырады және басшылық етеді, Комитетке жүктелген міндеттердің орындалуы және оның өз функцияларын жүзеге асыруы, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыстың жай-күйі үшін дербес жауап береді.

Осы мақсатта Комитет төрағасы:

1) Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасымен келісе отырып, соттар әкімшілерінің штат санын Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен штат саны лимитінің мөлшерінде белгілейді;

2) өзінің орынбасарларының және Комитеттің құрылымдық бөлімшелері басшыларының өкілеттіктерін белгілейді;

3) Комитеттің құрылымдық бөлімшелерін құрады және осы бөлімшелер туралы е р е ж е н і б е к і т е д і ;

4) заңнамаға сәйкес Комитеттің орталық аппаратының қызметкерлерін, сондай-ақ облыстық және оларға теңестірілген соттар төрағаларының

келісімімен соттар әкімшілерін тағайындайды және босатады;

5) заңнамада белгіленген тәртіппен Комитет қызметкерлерін көтермелеу, материалдық көмек көрсету және тәртіптік жазалар қолдану мәселелерін шешеді;

5-1) сот орындаушыларының жетондары мен эмблемаларының үлгілерін
б е к і т е д і ;

6) басқа мемлекеттік органдармен, ұйымдармен және лауазымды тұлғалармен қарым-қатынаста Комитеттің атынан өкілдік етеді;

7) өз құзыретіндегі мәселелер бойынша бұйрықтар шығарады;

8) Жоғарғы Соттың Төрағасын Комитеттің қызметі туралы жыл сайын
х а б а р д а р е т і п о т ы р а д ы ;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Ережеге сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 17-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2007.08.23 N 387,
2010.04.09 N 970 Жарлықтарымен.

18. Комитеттің Комитет төрағасы жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылатын алқасы болады. Алқаның сандық және дербес құрамын, сондай-ақ ол туралы ережені Комитет төрағасы бекітеді.

3. Облыстардағы соттар әкімшілерінің өкілеттіктері

19. Жергілікті соттардың қызметін тиісті облыстағы (Астана мен Алматы қалаларындағы) соттар әкімшілері қамтамасыз етеді.

20. С о т т а р ә к і м ш і с і :

1) соттардың қызметін қамтамасыз ету жөнінде шаралар қолданады;

2) соттардың қызметін қамтамасыз ету мәселелері бойынша мемлекеттік органдармен және өзге де ұйымдармен өзара іс-қимыл жасайды;

3) судьялар, сот қызметкерлері және алқабилер үшін тиісті материалдық және әлеуметтік жағдайларды қамтамасыз ету жөнінде шаралар қолданады;

4) соттар мен жергілікті соттар кеңселерін нормативтік құқықтық актілермен, заң әдебиетімен және анықтамалық-ақпараттық материалдармен қамтамасыз
е т е д і ;

5) сот статистикасын жүргізеді, іс жүргізуді және мұрағат жұмысын
ұ й ы м д а с т ы р а д ы ;

6) соттардың үй-жайлары мен басқа да мүлкін күзетуді ұйымдастырады, соттар көлігі мен байланыс құралдарының үздіксіз жұмысын, шаруашылық қызметінің жұмысын қамтамасыз етеді;

7) соттардың ғимараттары мен үй-жайларының құрылысын, сондай-ақ оларды жөндеу мен техникалық жарақтауды ұйымдастырады;

8) сот төрағалары бекітетін соттардың шығыс сметаларының жобаларын әзірлейді және Комитеттің тиісті бөлімшесіне ұсынады;

8-1) тиісті сот төрағасының ұсынуы бойынша жергілікті соттар кеңселерінің құрылымын, штат санын әзірлеп Комитетке ұсынады;

8-2) сот орындаушылары мен сот приставтары қызметіне ұйымдастырушылық және әдістемелік басшылық жасауды жүзеге асырады;

8-3) Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық-құқықтық актілердің шеңберінде құқықтық көмек көрсету барысында сот актілерінің уақытылы орындалуын қамтамасыз етеді;

8-4) атқару құжаттары бойынша борышкерлердің тыйым салынған мүлігін тасымалдау, сақтау, бағалау және сату бойынша шарттар жасасады;

9) заңнама мен осы Ережеге сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

20-1. Жергілікті соттардың кеңселері судьялардың сот төрелігін іске асыру, сот тәжірибесін қорытындылау, сондай-ақ соттың басқа да функцияларын жүзеге асыру жөніндегі жұмысын қамтамасыз етеді.

Ескерту. 20-тармаққа өзгерту енгізілді - 2007.08.23. N 387 Жарлығымен.

4. Комитеттің мүлкі

21. Комитеттің жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болады.

22. Комитетке бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

23. Комитет өзіне бекітілген мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе өзге де тәсілмен иелік етуге хақысыз.

Комитетке заңнамада белгіленген жағдайлар мен шектерде мүлікке иелік ету құқығы берілуі мүмкін.

5. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату

24. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2 0 0 0 ж ы л ғ ы 1 2 қ а з а н д а ғ ы

N 4 7 1 Ж а р л ы ғ ы м е н

бекітілген

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты жанындағы

Сот әкімшілігі жөніндегі комитетінің құрылымы

Ескерту. Өзгерістер енгізілді - Қазақстан Республикасы Президентінің
2001.01.22. N 536 Жарлығымен.

Б а с ш ы л ы қ

Қаржылық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету департаменті
Облыстардағы соттар мен соттар әкімшілерінің қызметін ұйымдастыру
д е п а р т а м е н т і

Облыстардағы, Астана мен Алматы қалаларындағы соттар әкімшілері

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК